ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 16 сәуір № 4360-24-00-2/653 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Сансызбаева А.М., оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен, қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «Ж.Қизатов атындағы №23 мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Сармолдин» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Асылжан Арыстанұлы Сармолдин

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-3, 267-4-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «Ж.Қизатов атындағы №23 мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Сармолдин» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Асылжан Арыстанұлы Сармолдинды мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Сармолдин» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Асылжан Арыстанұлы Сармолдин мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «Сармолдин» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Асылжан Арыстанұлы Сармолдиннен мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым беруге, прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **Сансызбаева А.М.**

Құжатқа қол қойылған: Сансызбаева А. М., 17.04.2024

Заңды күшіне енген күні: 30.05.2024, судья Елшібеков Б. Е., 30.05.2024